



Ақсу өңірі

Газет 1934 жылғы
1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№17 (10 168)

5 мамыр

жұма

2023 жыл

aksuoniri@mail.ru

Отанды қорғау - қасиетті борышымыз!



Құрметті соғыс және еңбек ардагерлері, аудан тұрғындары!



Баршаңызды аудандық мәслихат депутаттары мен қызметкерлері атынан 9 мамыр - Ұлы Жеңіс күні мерекесімен құттықтаймын!

Бұл мереке - ерліктің, қаһармандық пен елдіктің нышаны, Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдықтың өлшемі. Құрметті ардагерлеріміз болашақ ұрпақ үшін жарқын үлгі болып қала берері сөзсіз.

Адамзат тарихындағы ең ауыр қантөгіс соғыс аяқталғанына 78 жыл өтіпті. Зарықтырып жеткен Жеңіс күнінің қадірі бәріміз үшін тым қымбат. Сұрапыл соғыс адамзаттың жүрегіне өшпес жара салды. Ауылда қалған кемпір-шал, бала-шаға зуылдаған оқ пен лапылдаған от - жалынның арасында жүрген бауырына, әкесіне, ағасына сеп болсын деп, бар күш қайратын жұмсады. Тылдағы әрбір күн соғысқа тең еді. Ардагер көрген зұлматты сен көрген жоқсың замандас, сол үшін оны құрметте!

Ұлы Жеңісті жақындатуға абзал арыстандарымыздың майдан даласында, отандастарымыздың тылда қосқан еңбегі өлшеусіз. Ағалардың ардақты ісін бүгінгі күні кейінгі ұрпақ лайықты табыстармен жалғастырып келеді.

Елімізде бейбітшілік, тыныш өмір, береке - бірлік сақталсын! Еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, молшылық және жақсылықтар тілеймін!

Бейбіт СҮЛЕЙМЕНОВ,
аудандық Мәслихат төрағасы.

9 мамырдың төл тарихымыздағы орны ерекше. Бұл - жсанқиярлықпен ел қорғаған аталарымыз бен әкелеріміздің, әжселеріміз бен аналарымыздың рухына тағзым ететін күн. Бұл - фашизмді жеңген ерлердің ерен ерлігін жадымызда жаңғыртатын күн.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ - ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУЫНАН.

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 78 ЖЫЛ!

Аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлының мерекелік құттықтауы

Ардақты аудан тұрғындары! Қадірлі Отан қорғаушылар! Құрметті майдан ардагері Гаврил Степанұлы, Тыл ардагерлері және осы атаққа теңестірілген аудан азаматтары! Сіздерді Отан қорғаушылар күнімен және Ұлы Жеңістің 78 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын!

7 мамыр Отан қорғаушылар күні. Бұл әр уақытта Отан күзетіндегі сарбаздардың патриоттық сезімін, елжандылық қасиеттерін наш ететін, күні кеше ел қорғаған азаматтардың ерлігін еске алатын ерекше мереке. Тарих толқынындағы біздің даңқты ардагерлеріміздің ерлігі кейінгі буын жауынгерлерге үлгі болып келеді.

Ұлы Отан соғысындағы жеңіске биыл 78 жыл. Осыныша жыл өткеніне қарамастан соғыс салған жсара күні бүгінге дейін есте сақтаулы. Бұл соғысқа Ақсу өңірінен 6 мыңнан астам адам аттанып, солардың жартысына жуығы майдан даласында ерлікпен қаза тапты. Ақсулық жауынгерлердің екеуі - Нұрсұлтан Есеболатов пен Есмұрат Сиқымов Кеңес Одағының Батыры деген ең жоғары атаққа ие болды. Сан жүздеген жерлеріміз әр түрлі ордендер мен медальдардың иегері атанды.

Биыл Батыр атамыздың туғанына 110 жыл.

Құрметті ардагерлер! Сіздердің ерліктеріңіз тарихта алтын әріппен жазылып қалды. Баға жетпес еңбектеріңіз кейінгі ұрпаққа ошпес өнеге болып саналады. Жыл өткен сайын ардагерлердің қатары сиреп барады. Ауданымызда биыл 101 жасқа толған жалғыз



ардагеріміз қалды. Сондықтан мемлекетіміз майдан ардагерлерінің әлеуметтік - тұрмыстық жағдайын жақсартуға, әл ауқатын көтеруге қамқорлық көрсетіп отыр. Бұл бүгінгі таңдағы ұрпақтың абыройлы парызы. Біздер майдангерлердің соғыстағы ерен ерлігіне тағзым етеміз.

Құрметті майдангерлер, ақсулықтар! Барлықтарыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбастарыңызға береке мен бірлік тілеймін.

Еліміздің аспаны ашық, әрқашанда бейбітшілік болсын. Ендігі ұрпақ соғыс ортін көрмесін деп тілеймін.



ЕЛ НАМЫСЫ - ЕРГЕ СЫН

Отан қорғау - азаматтардың бір басындағы көп борышының ішіндегі аса қасиеттісі әрі қиелісі.

Мемлекеттің негізгі сүйеніші, тірегі ол - Әскер. Сондықтан әскер қай уақытта болса да бірінші орында тұруы керек. Президентіміздің тәуелсіздікті нығайту, кешегі ата - бабаларымыздың ерлік жолына адал болу жөніндегі еңгімелері ең алдымен елдің Қарулы Күштеріне тікелей қатысты. Тәуелсіздікті қорғау, оның берік сақшысы, қуатты қорғаныс болу бүгінгі ел жауынгерлерінің алдындағы үлкен міндет.

Осыдан 31 жыл бұрын Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Тәуелсіз мемлекетіміздің төл Қарулы Күштерін құру туралы жарлыққа қол қойған болатын. Өткен уақыт ішінде еліміздің басты құндылықтары - бейбіт өмір мен тыныштықты, өркениетті елдер қатарында қарыштап дамудың алып қадамдарын жасап келе жатқан мемлекетіміздің әскери қауыпсіздігін қамтамасыз ету жолында талай іс атқарылды.

Кәсіпқой армияға аяқ басқан Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің жауынгерлік дайындығы, әскери тәртібі, жеке құрамның моральдық - психологиялық жағдайы жоғары деңгейде болуы әскери қызметшілердің Отанды қорғауда қаншалықты дайын екендігін көрсететі тиіс.

Бүгінгі сарбаздарымызда патриоттық сезім, отансүйіштік қасиеті айрықша екенін атап айтқан жөн. Бұл қазақ елінің болашағы жарқын, халық ертеңінің тұтқасы осы сарбаздар қолында болса, онда биіктегеніміз, қанатымызды кеңге жайғанымыз, күн астындағы бүркіттей алысқа самғағанымыз деп білуіміз керек.

Біздің әскери қызметшілер жоғары кәсіби даярлық, үйлесімділік пен жауынгерлік дағды үлгісін көрсетуде.

Тәуелсіз еліміз төл армиясы қатарында қызмет ету - үлкен құрмет. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қатарындағы әскери қызметшілерді және жеке құрамын Отан қорғаушылар күнімен, Қазақстан Қарулы Күштерінің 31 жылдығымен құттықтаймын. Сіздерге мықты денсаулық, Қазақстан Республикасының игілігі жолындағы қызметте биік табыстар тілеймін.

Дидар НҰРТӨЛЕУҰЛЫ,
аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, майор.

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды!

**ҰРПАҚТАР
ҰМЫТПАЙТЫН –
ҰЛЫ ЖЕҢІС**



Биыл Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 78 жыл толып отыр. Бұл сол кездегі Кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен Отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты.

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халықтарымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертелелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыр ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті, Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады.

Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай - ақ көшегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып оталармен қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді.

Отанын қорғау үшін, сұрапыл майдан алаңына Қапал өңірінен де сарбаздар аттанған. Олар: Хусаинов Диқанбай, Моисеев Гаврил Степанович, Адипов Сапар, Кентбаев Әкібай, Исаев Қасаболат, Владимир Жуков, Исмайлов Балатұрсын, Байсихов Асылбек.

Боздақтардың соғысты тамадап туған еліне оралғандарымен қатар майдан алаңында ерлікпен қаза тапқандары да жетерлік.

Сол оралмаған жерлесіміздің бірі – Адипов Сапар 1915 жылы дүниеге келген. 1941 жылы 26 жасында Ұлы Отан Соғысына шақырылған. 1943 жылы Ростов облысы, племсовхоз Раздорский ауданында қайтыс болған. Мәйіті «Братская могила» жерленген. Бір өкініштісі

арыстай азаматымызға туған елдің бір уыс топырағы да бұйырмағаны.

1921 жылы дүниеге келген, Қапал ауылының тумасы Хусаинов Диқанбай 1941 жылдың сәуір айында әскер қатарына шақырылған. Солтүстік Кавказ майданында неміс фашистерімен шайқасқан. Краснодар қаласын, Таман түбегін жаудан азат етуге қатысып, кейін Украина майданының құрамында Житомир, Карсун-Шевченко, Львов қалалары мен Польшаны жаудан тазартуда ерлік істерімен ерекшеленген. Бірнеше жауынгерлік медальдармен марапатталған.

1925-2018 жылдар аралығында өмір сүріп, Қапал өңіріне серілігімен танылған, көптеген қызметтер атқарып, сыйлы болған соғыс және еңбек ардагері Байсихо Асылбек. 1942-1945 жылдарда Фашистік Германияға қарсы екінші дүниежүзілік соғысқа қатысса, 1945-1947 жылдары Жапон соғысында болып аман-есен еліне оралған.

Қазіргі таңда Ақсу ауданы бойынша жалғыз ҰОС ардагері Моисеев Гаврил Степанович – 1922 жылы Қапал ауылында дүниеге келген. 1942 жылы Томбов әскери мектебінде оқып жүріп, Батыс майданға аттанды. Соғыста алған жарақатқа байланысты I топ мүгедек. Орден, медальдармен марапатталған.

Жеңіс күні соғыстан оралмай қалған ерлеріміздің рухына бас иіп, арамдыда жүрген соғыс ардагерлеріне құрметпен қарап, олардың қайсарлықтары мен ерліктеріне тағзым ететін күн!

Бұл Жеңіс ардагер батырларымыздың ұрпақтарына берген баға жетпес сыйы. Жауынгерлер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды.

Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүйуге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Семсер ХАМИТОВ,
Қапал ауылдық мәдениет үйінің қызметкері.

Ауданымыздағы Ұлы Отан соғысының ардагері Жеңістің 78 жылдығына аман - есен жетіп отыр. Қапал округінде тұратын қария ақыл - кеңестің таусылмас қазынасындай боп үйдің төрінде отыратын тау тұлғалы атамыз биылғы жылдың 25 наурызында 100 жастың тағы бір биігіне шықты! Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 78 жыл өтті. Сол сұрапыл соғысқа біздің ауылдың ардагері Моисеев Гаврил Степанович 1943 жылы аттанған екен.


Моисеев Гаврил Степанович 1922 жылы наурыз айының 25-і күні Қапал жерінде дүниеге келген. Әкесі Моисеев Степан Николаевич 1890 жылы, шешесі Моисеева Наталья Петровна 1896 жылы туған, бұл кісілер Қапалда «Пламя революций» колхозында еңбек еткен. 8 жасында Гаврил Степанович мектепке барған.

Мектепті бітіргеннен кейін қазіргі Семей қаласында 219-шы атқыштар дивизиясына әскери борышын өтеуге барады. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталып, Гаврил Степановичті Томбовтағы жаяу әскерлер оқу орнына жіберді. Көп ұзамай 19 жастағы жігітті Батыс Ресей майданына аттандырды. 1943 жылы көзінен жарақат алған Гаврил Степановичті Алматы госпиталіне жіберіп, сол жерден I-ші топ мүгедектігін берген. 1945 жылы отбасын құрды, қазіргі таңда төрт ұлдың әкесі. Ауылымызға оралған Гаврил атамыз еңбекке етене араласады. Қорғаныс бөлімінде Гаврил Степановичке мектепте әскери істі жүргізетін мұғалім мамандығын ұсынды. Осы жұмыста 3 жыл қызмет атқарды. Мектептен кейін «Пламя революций» колхозында еңбек етті.

Жүзін торлаған әжімдер басынан өткен аумалы - төкпелі тағдырынан хабар бергендей. Атамыздың денсаулығы жақсы. 101-ге келсе де, бөрің таниды. Ел мен жерді жаудан қорғауға аттанған жас жігіт талай жорық жолдарынан өтіп, бейбіт өмірде құрметке бөленген Гаврил атамыз қазіргі күнде балалары мен немерелерінің ортасында отырып, алда тек бейбітшілік пен тыныштық болса екен, - деп тілейді.

Қажырлы еңбегінің арқасында Ақсу ауданының "Құрметті азаматы" атағының иесі атанды. Біздің бақытты болашағымыз

**ҒАСЫР
КӨРГЕН
БАТЫР**



**МОИСЕЕВ ГАВРИЛ
СТЕПАНОВИЧ**

бен гүлденуіміз үшін өз өмірлерін қиған батырлардың жарқын естелігі біздің есімізде мәңгі қалады. Онжылдықтар өтсе де, ұрпақ өзгерсе де, Қазақстан халқы өз тарихын әрдайым құрметтейтін болады.

Қан майданның төрінде жаумен жанын қия айқасқан батыр ағаларымыз бен апаларымыздың рухына бас ие, мәңгілік тағзым

етеміз. Біз Сіздерді мақтан тұтамыз және Сіздердей болуға ұмтыламыз.

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды.

Әсел АШИМОВА,
Қапал ауылдық округі әкімі аппаратының жастар ісі - жөніндегі әдіскер нұсқаушысы.

АМЫР

Жеңіс күні!

Әлия, Мәншүк, Бауыржандар қасарысқан, Атқан оғы жаудың жанын жаншып ұшқан. Арыстандай айбарының арқасында, Бейбітшілік таңы атқан сонау тұстан.

Оңай болмады ол кездегі тағдырымыз. Қиындықпен атып жатты әр күніміз, Тәуелсіздік аламыз, «жеңеміз» деп. Бойымызға күш жинадық барлығымыз.

Қорғай білдік елімізді, жеріменен, Жеңдік бөрің аямадық салып ілен. Аңсап күткен шын жеңістің арқасында, Қазіргі Қазақстан бөлек әлем

Сол бір жеңіс ұмытылмай есте қалат, Ата - бабам жүректерде шын жатталат. Күллі әлемді мойындатқан Қазақ елі, Өмір бойы сіздерменен шын мақтанат!

Гүлнұр НҰРТІЛЕУҚЫЗЫ,
Н.Есеболатов атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 9 - сынып оқушысы.

Жеңіс деген бақыт сол - Рахымжандар...

Мен сені неге шақырдым? - деді
- Білмедім, Бәуке!
- Білмесен, жаңа осында маған сәлем бере бір жігіт келді. Аты Рахымжан. Фамилиясы Қошқар ма, ісек пе, азбан ба, әйтеуір қойдың бір түрі, оны өзің анықтап алғайсың. Міне сол жігіт...
- Міне сол жігіт Рейхстагқа ту тіккен. Понимашь?! Сен ұғып тұрсың ба, өзің? - деді.

- Ұғып тұрмын, Бәуке!
- Өтірік айтасың! Ұқсандар, неге жазбайсындар? Соғыс біткелі он үш жыл. Ана Рахымжанды көрмей жүрген неғылған журналистсіңдер?! Журналистке диплом емес, сезім, жүрек, көргіш көз керек. Жоқ, сол сендерде жоқ!
- Знаешь, ты кто такой Рахымжан? Мен де оны бүгін бірінші рет көрдім. Білесің бе, кімнің сәлем бере келгенін? Это исторический человек!

- Мен де соғысқа қатыстым. Дивизияны басқардым. Москва түбіндегі шайқасты көрдім. Төрт жыл бойғы сұрапыл соғыстың небір сұмдық қияметтері көз алдымда. Бірақ Берлинді алардағы, Рейхстагқа ту тігердегі қырғын ол нағыз жойқын қырғын! Как воин, как командир я представляю что это такое, это было невероятное! Рахымжан сол тозақтың ішінде болған, сол тозақтан аман шыққан! Жеңіс жалауын тіккен. Кім үшін?! Мына сен мен үшін! Бүгінгі шолжаң қағып тірі жүргендердің бақыты үшін! Сол бір тозақта оның өзінің тірі қалуы это чудо! Жеңіс деген бақыт сол анау Рахымжан, Рахымжандар.....
Бауыржан Момышұлының кітабынан.

Бақыт қайда барасың, ынтымаққа баралмын



1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне орай, орталық алаңда мерекелік шара өтті.

Ақсу ауданының әкімі Берік Тынышбайұлы - Ауданымызда бүгінгі күні 17 ұлт пен ұлыстың өкілі тату - тәтті тіршілік етіп, әр салада жан аямай қызмет атқарып, өңірдің гүлденуіне өз үлестерін қосуда.

Тәуелсіз еліміздің алған асуларымыз бен жеткен жетістіктерімізде кең байтақ

тілеймін! - деп, аудан тұрғындарын мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Аудандық мәдениет үйі қызметкерлері әртүрлі ұлттың әннен шашу шашып, бишілер әр ұлттың билерін мың бұралып билеп, ұлттар достығының нышанын танытты. Сөйтіп, көпшілікке көтеріңкі көңіл - күй сыйлады. Балалар орталық алаңда әртүрлі ойындар ойнап, айнала орналасқан жылжымалы дүкендерден тәттілер сатып алып, қарық болды.



қазақ даласында өмір сүруші барша ұлт өкілдерінің еншісі бар. Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі бүгінгі таңда бейбіт өмір мен ынтымақта тұрмыс кешіп отырған еліміз үшін ыстық ықылас пен достық ниеттің дәстүрі, асыға күтер мейрамы.

Бұл күн – әрқайсымыз үшін Отанға деген сүйіспеншілік сезімнің, азаматтық борыш пен жалпы ұлттық келісімнің мерекесі болып табылады.

Қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық – біздің ең маңызды байлығымыз! Бұл жетістікті бағалау, оны сақтау жолында аянбай еңбек ету әрбір Қазақстан азаматының міндеті болып табылады.

Сіздерге шынайы көңілмен бақыт - береке, ашық аспан, елімізді өркендету жолындағы еңбектеріңізге мол табыс, отбастарыңызға аманшылық пен шаттық

Жерлесіміз еркін күрестен Азия чемпионы, Сақаев Болат Сағынғалиұлы мерекелік кешке қатысып, аудан халқының ықыласына бөленді.

Ауданымыздың мақтанышы, Азия чемпионы Болат Сағынғалиұлына және спортшымыздың жаттықтырушылары - Әлімжанов Қайрат Рақымжанұлы, бірге күрескен жолдастары Александр Гольцман, Қуаныш Жақысбаевтарға аудан әкімінің "Алғыс хаты" табысталды.

"Алып анадан туады", - демекші ата - анасына аудан тұрғындары атынан алғыс айтып, жерлестері ақшалай сыйлық пен шапан жауып, ат мінгізді.

Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, ауыл ақсақалы, Амангелді Айтбаев ақ батасын берді.

Ербол СЫМХАНОВ.



Құрметті ер азаматтар, бейбіт өміріміздің сақшылары! Сіздерді Отан қорғаушылар – жалпыхалықтық мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз. Бұл ерекше айтулы мерекеді бейбіт елдің тыныштығын әуеде, құрлықта, теңізде қорғап, өз тағдырын – ел тағдырымен байланыстырып жүрген аға ұрпақ пен жас буынның Отанымызды қорғап, қызметте айтулы үлес қосып жүргені біз үшін мақтаныш. Отанға адал, елге қайырымды, қайратты, мақсатты болыңыздар. Тәуелсіздігіміз мәңгі болып, қарулы күштеріміздің қуаты нығайып, айбыны асқақтап, даңқы арта берсін.

Назерке ТЕКЕСБАЕВА,
аудандық Ішкі саясат, спорт, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің жетекші маманы.

АЙБЫН - 2023

"АҚСУ САРБАЗДАРЫ" тағы да жеңіспен оралды



патриоттық жастар жиыны өтті. Бұл жиынға "Ақсу сарбаздары" әскери патриоттық клубының құрамасы қатысып, аудан намысын қорғап, тағы да жеңіспен оралды. Өткен жолы облыстық "Алау" әскери спорттық ойынында да "Ақсу сарбаздары" жүлделі III орынды иеленген болатын.

"Айбын - 2023" облыстық әскери - патриоттық жастар жиыны шеңберінде қатысушы командалар зияткерлік конкурс, «Айбын жұлдызы» мен «Жас сарбаз» байқаулары, әскерлендірілген эстафета, белтемірге тартылу, қару жарақты шашып, жинау, қарудан оқ атудағы дәлдік пен жалпы әскери қорғаныс костюмін кию сияқты әскери машықтардан сынға түсті.

"Айбын" әскери - патриоттық жастар жиынының қорытындысы бойынша жеңімпаздар марапатталып, жалпы командалық есепте біздің жас сарбаздарымыз жүлделі III орынды иеленіп, 150 000 теңге сертификатпен қайтты.

"Ақсу сарбаздары" әскери патриоттық клубының атынан облыстық бітім басқармасының басышылығына, "Айбын - 2023" әскери - патриоттық жастар жиынының ұйымдастырушыларына, жас сарбаздарымыздың ата - аналарына, жас сарбаздарға алғыс білдіреміз.

Серік БАБЫСОВ,
Н.Есеболатов атындағы орта мектебінің АӘЖТД пәнінің мұғалімі.

Жуырда 7 мамыр Қазақстан қарулы күштері күні қарсаңында Жетісу облысы, Талдықорған қаласында облыстық бітім басқармасының ұйымдастыруымен облыстық "Айбын - 2022" әскери -



**КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ НҰРСҰЛТАН ЕСЕБОЛАТОВТЫҢ
ТУҒАНЫНА - 110 ЖЫЛ!**

МОСКВА ТҮБІНДЕГІ ШАЙҚАС



түбіндегі қорғаныста кімдер бар екенін сұрады. Бұл жерде аға лейтенант А.В. Шашкиннің екінші взводы шепті қорғап жатқанын білді. – Бұл жерде сіздер жаудың алақанында жатқан сияқтысыздар. Қорғаныстарыңызды разьезге таман 70 - 80 метр жылжытыңыздар, – деген нұсқау берді.

Қарашаның 15-і. Күн батуға жақындап қалған кез. Төртінші ротаның саяси жетекшісі В.Г.Клочков екінші взвод жауынгерлерінің ұрысқа дайындығын тексерді. Солдаттарға Мәскеудегі әскери парадқа қатысқанын, халықтың жаудың талқандаларына сенімі мол екенін айтып берді. Фашистер түні бойы алдыңғы шепті атқылап, мотор үні бір тынбады.

16 - шы қараша. Таңға жақын дивизия шөбін жау артиллериясы бір сағаттай атқылады. Самолеттері де әуеден бомбылады. Зеңбірек пен миномет оғының қалқасымен екінші взводтың шөбіне қарай жаудың бір рота жау әскері ұмтылды. Біздің жауынгерлердің қарсылығын елемеген жау параттағыдай тік тұрып келеді. Немістер 100 - 110 метр қалғанда ысқырық естілді. Міне, бұл оқ жаудыруға

екенін сезген болатын. Қаруларын қайта оқтап, темекі түтінін құшырлана сорып болғанша жау танкілері көрінді. Оларды қалқалап автоматшылар тобы келеді. Мұны көрген жауынгерлер жағдайдың қиын екенін бірден сезді. Осы сәтте:

– Сәлеметсіңдер ме, батырлар, – деген таныс дауыс саңқ ете қалды. Ротаның саяси жетекшісі Виталий Клочков ертеңгісінен бері бақылау пунктінде болып, танкілерді көрген соң жау оғының астымен жер бауырлап взводқа жеткен кезі екен.

– Жолдастар, неге тұнжырадыңдар, қорқыныш емес, небәрі 20 танк, әрқайсымызға бір-бірден де келмейді екен. Олар 29 еді. Біреуі көтерілді. Ол қорқақты

жолы да екінші взводтың шөбінен өте алмады. Бірақ біздің жауынгерлердің қатары көп сиреп қалған екен.

Тастақ өндіріс комбинатында тас қалаушы болып жұмыс істеген Николай Графимов көз жұмды. Екі қолы екі жаққа жайылып, Григорий Петренко жатыр. Бірнеше метр жерде оққа ұшқан Григорий Конькин, кимылсыз қалған алматылық есепші Петр Емцов көз жұмыпты. Ауыр жарақат алған Абрам Крючков окоп қабырғасынан сырғып түсті. Ауыр жараланғандар да шепті тастаған жоқ. Қатарда қару ұстайтын 15 - ақ адам қалды.

Танкілердің екінші тобы көрінді. – Достар, отыз танк! Барлығымыз өлетін шығармыз. Ресей кеңбайтақ болса да шегінерге жер жоқ. Артымызда Москва - деген саяси жетекшінің дауысы саңқ ете қалды.

Бұл сөз әр жауынгерге ана бұйрығындай болып естілді. Нұрсұлтан да жаралы басын таңған дөкеден шып - шып шыққан қанға қарамастан қолындағы қаруын қыса түсті. Бірер сәттің ішінде көз алдына жаман Ақсу бойындағы туған ауылы, түбіндегі әр тасына дейін көрінетін мөлдір өзен, бірге өскен ағалары мен туған анасындай әлпештеп өсірген жеңгесі Ықыш елес беріп өтті. Жаз айларындағы жасыл жайлау, төске қарай өріп бара жатқан қойлардың маңырағаны мен шіңгірлеген құлын үні құлағынан кетпей тұрып алды.

Үш - төрт жылда аға - жеңгелерімнің халін біліп, ауылға бір бармаппын - ау деген өкінішті ой жылт етті. Осы соғыстан аман - есен оралсам ауылдан ешқайда шықпаспын - ау, қиятын жер ме, Ақсу

өңірі. Шіркін, Қызылқайың - ай, дегенде өзегін ашы бір өксік езіп өткендей болды.

Көңілі босап бара жатқанын сезе қойған батыр, қайта бекінді. Бұл шайқастан аман шықпасын сезген ол неде болса жастығын бірге ала кетуді жөн көрді.

Танкілер болса жақындап қалды. 20 метр, 15 метр, 10 метр. Жауынгерлер граната мен жаңғыш шөлмектер лақтыра бастады. Мұсабектің лақтырған бір бума гранатасы бір танкті қара түтінге көмді. Лапылдап жана бастаған танктің артынан зеңбірегі сарайып келесі танк шыға келгенде, оған да құлаштап шөлмек лақтырған ол өзі де мұрттай ұшты.

– «Өттеген-ай» деген сөздің аузынан қалай шыққанын аңғармаған Нұрсұлтан қолына жаңғыш шыныны қыса ұстап, орнынан жайымен көтеріле бере құлаштап кеп лақтырды. Мұсабек жандыра алмаған екінші танкті жалынға көмді. Қою түтін таяу сәт жылт еткенде тағы бір танктің таяу келіп қалғаны байқалды. Қолына бір бума гранат алған Нұрсұлтан бұл танкке қарсы көтерілер жақын маңда ешкім жоғын сезді де құлаштай лақтырды.

Сол сәт окоп зірк ете қалды. Топырақ көміп қап - қара түтін араласып, дем ала алмай тұншыға берді. Неде болса снаряд тура келіп тиген болуы керек. Нұрсұлтан өзі нысанаға алған танктің қалай жанғанын көре алмады. Окоптың түбіне ернеуіндегі топырақпен бірге сырғып түсіп, көз жұмды.

**Тілеухан ЕСЕБОЛАТОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.**



берілген белгі болатын.

Иван Шепетковтың пулеметі дырылдап қоя берді. Ол қазақ мемлекеттік филармониясының әртісі болатын. Оған таяу жерде Алматыдан келген ұстаз Гаврил Митин жауды нысанаға алған. Алматы мал дәрігерлік институтынан келген Әлиақпар Қосаев әр оғын көздей атып, мүлт жіберер емес. Қаратал ауданының колхозшысы Мұсабек Сеңгірбаев, Шаумян атындағы артельдің шебері А.И.Крючков, Алматы трамвай тресінің жұмысшысы Нұрсұлтан Есеболатов, бәрі де жауға қарай үздіксіз оқ жаудырды. Қою түтіннен қоңырқай тартқан қар бетінде қарауытқан өліктерін қалдырып, жау кейін шегінді.

Бұл жеңіс жауынгерлерге жігер берді. Бірақ олар мұның аз ғана тыныс алу екенін, айқастың үлкені алда

командасыз - ақ атылған оқ жалп еткізді.

Танк моторлары гүрілдеп, жыланбауырлары шақылдап жақын қалды. Бір танк он шақты метр қалғанда Шемякин бір бума гранат лақтырды. Григорий Конькин, Мұсабек Сеңгірбаев, Нұрсұлтан Есеболатов жаңғыш сұйық құйылған шыныларды лақтырып, жаудың бір - бір танкісінің көзін жойды. Жаудың 5 танкісі өртеніп жатқан танкілерді қалқалап келіп оқ боратып, біздің жауынгерлердің шөбін долы күшпен оқ астына алды. Жер қозғалып сілкінгендей. Клочков пен Крючков бір - бір танкіні өртеді.

Окоп үстінен төрт сағаттан астам түтін сейілмей тұрып алды. Жаудың 14 танкі майдан даласында қызыл жалынға оранып, өртеніп жатты. Жаяу әскерлері күшті қарсылыққа кезігіп кері шегінді. Аман қалған танкілер кері бұрылып, Ждано-ва деревнясына қарай шегінді. Жау бұл



МЕРЕКЕНІ ТАЗА АУЫЛДА, ТАЗА КӨҢІЛ – КҮЙМЕН ҚАРСЫ АЛАҰЫҚ!

ТАЗАЛЫҚ АЙЛЫҒЫ ЖАЛҒАСУДА

Көктем келгелі сенбіліктер қарқынды жүріп жатыр. Аптаның сәрсенбі, жұма күндері түстен кейін жалпы аудан болып қатысады. Міне, көктемнің соңғы айы да басталды. Мамыр айы Қазақстан халқының бірлігі күнімен басталып, Отан қорғаушылар күні, Ұлы Жеңіс күні сияқты мерекелерге толы ай. Аталмыш мерекелер қарсаңында ауданымызда тазалық айлығы елі де жалғасуда. Осы жұмадағы сенбілікте аудан тұрғындары белсенділік танытты. Алдымен мереке өтетін 1941 – 1945 обелискінің маңы, яғни, орталық саябақты ретке келтіру міндеті тұр. Аудан әкімі Берік Тынышбайұлы аппарат жиынында сенбілікке келіп, қолдарын қалталарына салып, әңгіме айтып тұратын адамдар керек емес, басқаларға кедергі жасамай ондайлар келмей – ақ қойсын. Осы жолы құраған ағаштарды кесіп, саябақты тазалау, техникаларды жұмылдырып, жиналған қоқыстарды сыртқа шығару туралы қатаң ескертті. Аудан орталығы Жансүгіров ауылының тазалығына басқа ауылдардан да көмектер келді. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», - дегендей бір кісідей сенбілікке шығып, аудан орталығында бірталай жұмыс атқарылды. «Бір тал кессең, он тал ек» қағидасын мықтап ұстанған халқымыз үшін тал егу - маңызды істердің бірі. Дәл осы кезде «Бүкіл қазақстандық ағаш отырғызу күні» болды. Экологиялық акция аясында аудан аумағында 6000 нан аса түрлі ағаш көшеттері отырғызылды.

Аталмыш акцияға аудан әкімі Берік Тынышбайұлы бастап аудандық Мәслихат төрағасы Бейбіт Жаңылысұлы, аудан әкімінің орынбасарлары, мекеме және бөлім басшылары, қызметкерлері, ардагерлер, ауыл азаматтары белсене қатысты. Аудан орталығындағы орталық саябаққа қылқан жапырақты ағаштар, жеміс ағаштарының көшеттері отырғызылды.

Ауданымыздағы санитарлық тазалық пен көркейту – көгалдандыру бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатын болады. Саябақтағы құраған ағаштар кесіліп, орнына жаңа көшеттер отырғызып, қоқыстар тиеліп сыртқа шығарылды.

Алдымызда мамыр айының мерекелі күндерін көрікті, көшелер мен тазаланған аулаларда қарсы алу мақсатында, баршамыз өскелең ұрпаққа үлгі болатындай іс жасап, үйімізге, ауылымызға, Отанымызға деген сүйіспеншілігімізді көрсете білдік.

Тазалық мәселесі ауыл тұрғындарының барлығына қатысты. Әр азаматты тазалыққа тәрбиелеу отбасынан басталуы тиіс. Әрқайсысымыз өзіміз тұратын үй - жайдың айналасын таза ұстап, артық - ауыс қалдықтарды шашпай, ұқыпты болсақ, туған ауылымыздың таза, әрі көрікті мекенге айналуына титтей де болса үлес қосар едік. Қоршаған ортаның, өзіміз өмір сүретін ауданның тазалығы ерқашан бірінші орында болуы керек.

Ауданымыздың тазалық күтімі бәрімізге байланысты. Тек жұмыла көтерсек қана жүк жеңіл болмақ. Осы жайттарға орай, бүкіл аудан тұрғындары апта сайын өтетін сенбіліктерге шақырамыз. Өз аулаларыңызда, көшелеріңізде, үйлеріңізде тазалық пен тәртіптің орын алуын қадағалаңыздар.

Ауыл көркі өз қолымызда, сондықтан да барша жұртқа айтарым, "тазалық – денсаулық кепілі", ауыл ажарлы болса, тұрмысымыз сәнді болады. Ендеше, игі істен қалыспайық. Сенбіліктерге бір кісідей атсалысайық!

Ербол ӘБДІКӘРІМҰЛЫ.



ТІЛ - АСЫЛ ҚАЗЫНА



Тілді өркендету - баршаның ісі. Тіл - тек қарым - қатынас құралы емес, ұлтымыздың биік тұғыры. Бұл ретте біздің мемлекетіміздің тілге деген жанашырлығы басым. Қоғамда қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін нығайту еліміздің саясатының басты басымдығы болып қала береді. Қоғамда, мемлекеттік қолдау мүмкіндігі жоғары салаларда қазақ тілінің қолданыс аясы едәуір кеңейіп келе жатыр деп айтуға толық негіз бар. Қазіргі қоғамымызда жастардың белсенділігі жоғары. Жастарға баса назар аудару арқылы тіл саясатын жүргізу мол жемісін береді деп ойлаймын.

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері төл тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, қолданыс өрісі кеңейді. Қазіргі таңда өнер, әдебиет, мәдениет, баспасөз, радио, теледидарымыз 90 - жылдарға қарағанда әлдеқайда «қазақша сайрап тұр» десек болады. Бұл біздің мемлекеттік тіліміздің мәртебесінің асқақтағаны, Бұл осы уақытқа дейін барлық мүмкін болар оңды - солды жағдайды жете бағамдай отырып жүргізілген мемлекеттік тіл саясатының нәтижесі.

«Ана тілі дегеніміз - сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын

да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады», - деп Ф. Мүсірепов айтқандай елдің болашағын, тілдің болашағын сақтау баршаның міндеті. Қазіргі жаһандану кезеңінде еліміздің стандарттарға сай кеңейте отырып, мемлекеттік тілді ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бір нысаны ретінде жетілдіруді және қорғауды қамтамасыз еткеніміз абзал.

Қазақстандағы тіл саясатының көпұлтты мемлекетіміздің тұрақты дамуына ізгілікті қызмет етіп отырғандығы қуантады. Сонымен бірге әр ұлт өкілдерінің қазақ тілін білуге талпынуы қуантатын жағдай.

Тілге деген құрмет - халыққа деген құрмет. Демек, әрбір қазақстандық мемлекеттік тілді құрмет тұтып білуі тиіс. Тіл мәртебесі - ел мерейі. Ана тіліміздің мәртебесін үстем етіп, еліміздің мерейін көтерейік. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін ана тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек. Бұл біздің басты парызымыз.

Айсауле ЖАЙЛАУХАН,
Қапал ауылдық
модельді кітапханасының
кітапханашысы.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ ПРОКУРАТУРАСЫ

 <p>Банктік шоттар мен карталарды ұрлау</p> <ul style="list-style-type: none"> Әмияныңда несе картасының PIN-коды бар жазбаны сақтамаңыз. Картаныңды оңай қол жетімді жерлерде сақтамаңыз! Егер сіз әмияныңда алып жүрсеңіз, картаны бөлек қалтада сақтаған дұрыс. 	 <p>Қалта ұрлығы</p> <ul style="list-style-type: none"> Күртеменің кезде қалтасымен қолданыңыз. Сөмкеніңді жабық болуын қалағалаңыз. Үйден шыққан кезде әмиянға қарап, қаражатыныңды есептеңіз, өзіңізбен бірге қосымша ақша алмаңыз. Әмияныңдағы қаражатты көпшілік алдында санамаңыз. 	 <p>Тұрғын, қызметтік немесе өндірістік үй-жайға, қоймаға не көлік құралына заңсыз кірумен жасалған ұрлық</p> <ul style="list-style-type: none"> Үйіңіздің есігі әрқашан құлыпта жабық болуы керек. Оның артында кім тұрғанына көз жеткізбей, сивқан есікті ашпаңыз. Есік сыртқа ашылып, металмен қапталған болуы керек, есіктің қорығы мен есіктің өзі алыпбалы түйреуіштермен жабықталуы керек. 	 <p>Мал ұрлығы</p> <ul style="list-style-type: none"> Алдымен малды жайылымға несіз жібермей, бақташыға қосу керек. Малдарын сырғалау, танбалау, чиптеу мәселелерін қолға алып, ауданның бірдейлендіру дерекқорына енгізілуін қамтамасыз ету керек.
--	--	---	---

ҰРЛЫҚ ДЕРЕКТЕРІНІҢ АЛДЫН АЛУ МАҚСАТЫНДА ЕСКЕРТЕДІ!

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ ПРОКУРАТУРАСЫ



БАРЛЫҚ АВТОКӨЛІК ЖҮРГІЗУШІЛЕРІНІҢ НАЗАРЛАРЫНА САЛАДЫ!

МАМАН КЕҢЕСТЕРІ

Ауруханаішілік инфекциялар дегеніміз не?

1. Ауруханаішілік инфекциялар немесе медициналық көмекпен байланысты инфекциялар (АИИ, МКБИ) - емдеу-профилактикалық мекемелерде болумен, емделумен, тексерілумен және медициналық көмекке қаралумен байланысты инфекциялық аурулар. Сондай-ақ АИИ қатарына медициналық ұйым қызметкерінің кәсіби жұмыстары салдарынан жұқпалы ауру жұқтыруы жатады. Қандай инфекциялар ауруханаішілік болуы мүмкін, емдік мекемеде пайда болатын аурулар әр түрлі. Оларға келесілерді жатқызуға болады:

1. Ауа - тамшылы инфекциялар, әсіресе контагиозды тұмау, желшешек, қызылша, қызамық сияқтылар. Міне сондықтан кішкентай балаларда осы инфекцияларға қарсы екіпелер болуы өте маңызды. Екіпелер болуы бәла, балалар стационарына түскен кезде жоғарыда көрсетілген инфекциялардың қоздырғыштары үшін тамаша нысана болады. Бұл ересек адамдарға да қатысты. Ал негізгі сырқат нәтижесіндегі әлсіз иммунитет зақымдалуға одан сайын мүмкіндік туғызады.

2. Ішек инфекциялары - науқастың өздері, науқасты күтушілері, сонымен бірге медициналық қызметкерлер де қарапайым жеке бас гигиенасын сақтамаған кезде әр түрлі этиологиялы гастроэнтериттер, сальмонеллездер, вирусты ішек инфекциялары пайда болуы мүмкін.

3. Шартты патогенді микро-

флорамен шақырылған аурулар - алтын түсті стафилококпен, стрептококпен, көк ірің таяқшасымен және т.б. Бұл инфекциялар қауіптірек, әсіресе кішкентай балаларда және жаңа туған нәрестелерде, сонымен қатар отадан кейінгі кезеңде немесе ауыр созылмалы аурулары бар әлсіз адамдарда.

4. Бұл аурулардың статусына туберкулезді, госпитальды пневмонияларды, несеп шығару жолдарының инфекцияларын және т.б. жатқызуға болады.

2. Адамдар неге зақымданады, бұл инфекциялардың пайда болуы үшін қажет:

- Инфекция көзі - бұл инфекция қоздырғышын шығаратын, инкубациялық кезеңдегі немесе аурудың жедел фазасындағы кез келген науқас адам.

- Берілу жолдары - зақымдалған тағам өнімдері, су, шаң, медициналық құралдар мен құрылғылар.

- Қабылдағыш организм - осы инфекцияға иммунитеті жоқ немесе организмді әлсіз пациент. Емдеу стационарларында бір палатада (ауа - тамшылы жол) болған кезде, бір құралмен қолданған кезде (тұрмыстық қатынас жолы). АИВ - инфекциясы, В, С, Д вирусты гепатиттер сияқты инфекциялармен дұрыс өңделмеген немесе өңделмеген медициналық құралдар арқылы парентеральды жолмен де зақымдануы мүмкін.

Қауіп - қатер тобы

Зақымдануға қауіп жоғары пациенттер категориясы бар. Олар босанушы әйелдер, жаңа туған нәрестелер, әсіресе

шала туған немесе мерзімінен асып туылған балалар, босану жарақатының әр түрлі ақаулары бар балалар, созылмалы аурулары бар науқастар, медициналық қызметкер.

1. Ауруханаішілік инфекцияның таралуына белгілі факторлар әсер етеді:

2. - бөлімшенің мөлшерден тыс толуы;

3. - медициналық қызметкерлер мен ауруханаға түскен науқастар арасында ауруханаішілік штамның анықталмаған тасымалдаушылары;

4. - санитарлық - эпидемиологиялық режимді, асептика және антисептика ережелерін медициналық қызметкерлер сақтамаған жағдайда;

5. - сапасыз және уақытылы дұрыс жасалмаған жинап жуу;

6. - ауруханалар бір реттік қолданылатын материалдар мен құралдар және дезинфекциялық ерітінділермен толық қамтамасыз етілмесе;

7. - ескірген құрылғылар және аппараттар мен медициналық құрылғыларды өңдеу режимінің бұзылуы;

8. - ауруханалардың ас блоктарының нашар санитарлық жағдайлары, желдету, сумен қамтамасыз ету және көріз тораптарында бұзылыстар.

Осы факторлардың барлығын жою - бұл ауруханаішілік зақымданудың алдын алу болып табылады!

А.СЕҢКІБАЕВА,
аудандық СЭББ
маманы.

Фитосанитариялық есепке алу нысандарын, оларды ұсыну қағидаларына енгізілген өзгерістер

«Фитосанитариялық нормативтерді, фитосанитариялық есепке алу нысандарын, сондай-ақ оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрлігінің 2015 жылғы 29 маусымдағы №15-02/584 бұйрығына өзгерістер енгізілді, қысқаша тоқталып өтсем фитосанитарлық есептіліктің 8 нысаны, 5 нысан болып өзгертілді, яғни:

1. "Пестицидтерді, биоагенттерді өндіру және (немесе) өткізу туралы есеп" (индексі - ФУ - 1, кезеңділігі жартыжылдық).

2. "Пестицидтердің, биоагенттердің қозғалысы туралы есеп" (индексі - ФУ - 2, кезеңділігі жартыжылдық).

3. "Пестицидтерді, биоагенттерді сақтау туралы есеп" (индексі - ФУ - 3, кезеңділігі жылдық).

4. "Химиялық өңдеулер жүргізу туралы есеп" (индексі - ФУ - 4, кезеңділігі айлық).

5. "Тыйым салынған, жарамсыз болып қалған пестицидтерді және олардан босаған ыдыстарды, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын залалсыздандыру жөніндегі есеп" (индексі - ФУ - 5, кезеңділігі жылдық).

«Өсімдіктерді қорғау туралы» Заңының 19-1 бабына сәйкес: Фитосанитариялық есептілікті табыс етудің толықтылығы мен уақытылығы тұрғысында фитосанитариялық есепке алу мен есептіліктің жүргізілуін және табыс етілуін бақылау ұдайы жүзеге асырылады.

Фитосанитариялық есептілікті табыс етпеу, жеке тұлғаларға - 5, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне - 10, орта кәсіпкерлік субъектілеріне - 15, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне - 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеліп соғады.

Шаруа қожалықтары фитосанитариялық есептілікті әр айдың 10-на дейін тапсыруы керек. Тапсыру туралы және туындаған сұрақтар болған жағдайда ҚР АШМ АӨК МИК Ақсу аудандық аумақтық инспекциясына, мекен-жайы: Жансүгіров ауылы, Сәтбаев көшесі, 2 б. тел.: 2-00-32, aksu.rti@mail.ru хабарласуыңызға болады.

А.ӘБІЛСЕЙТОВ,
ҚР АШМ АӨК МИК Ақсу аудандық аумақтық инспекция өсімдік қорғау және карантині инспекторы
м.у.а.

Қазақтың келіндері - ай...



Келін дегенде көз алдына жүзінен нұры төгілген, ізетті де, инабатты ең бойынан кішілік пен мейірімділік есіп тұратын, талшыбықтай майысқан сүйкімді жан елестейді. Сонау ықылым заманнан жаңа табалдырықты имене аттаған сәтінен - ақ жас келін сол отбасы мүшелерінің жүректеріне шырақ жағып, өмірлерінің көкжиегін кеңейтетінді. Жас келінмен бірге әр шаңыраққа құт - береке келетіні сөзсіз. Қазақ отбасының нағыз ұйытқысы – келін. Дана халқымыз ертеден енемен келін қатынасына аса жоңары көңіл бөліп, оған аса байыппен қараған. Ата-анасынан көрген тәрбиесімен қайын жұртының ықыласымен алғысына бөленіп жүрген келіндер қазірде бар. Болашақ ана, асыл жар, қазақ келіндерін ұлттық рухта тәрбиелеу, ана тілін, ұлттық мәдениетін құрметтеу жас отау тәрбиесін ұғындыру,

қазақ әйелдерінің қоғамдағы рөлін арттыру, қазақи дәстүрді сақтай отырып, заман талабына сай жан-жақты дамыған тұлға етіп, болмысын қалыптастыру мақсатында: Жаңалық ауылдық округінде «Қазақтың келіндері-ай...» атты келіндер арасында сайыс ұйымдастырылды. Алты кезеңнен тұратын сайыста бақ сынасқан келіндер бірінен бірі асып түсіп жатты. Сайыс кезеңдеріне тоқталсақ:

1. Таныстыру;
2. Қазақтың ұлттық тағамдарын дайындау;
3. Өнер сайысы (ән, би, өлең оқу т.б.);
4. Үй тапсырмасы (қолөнер бұйымдары);
5. Нан жаю сайысы;
6. Сұрақ - жауап (Қазақтың салт - дәстүріне, әдет - ғұрпына байланысты) осындай бөлімдерден тұратын сайыс тартысты өтті. Байқауға қазақтың ұлттық салт - дәстүрімен дүние

танымын насихаттауда 11 көшеден 6 келін қатыстырылып, қазылар алқасы Мардамқұлова Күнсұлу - Әйелдер кеңесінің төрайымы, Рахымбекова Райхан - зейнеткер-ұстаз, Бабашева Гүлнұр - үлгілі келін, көпбалалы ана, мектеп бойынша ата - аналар комитетінің төрайымы, Қыдырбай Жангүл Махмұдқызы - Жетісу облысы, Жетісу келіндерінің мүшесі, 2020 жылғы «Жетісу келіндері» байқауының жүлдегері. Осындай әділқазылар алқасының шешімімен "Үздік келін - 2023" Бас жүлдесімен Маратқызы Балауса, I орын Жақанбаева Меруерт, II орын Жұмабекова Арайлы, III орын Етекбаева Әсел, алса, "Инабатты келін" Малдыбаева Ерке, "Өнерлі келін" номинациясымен Алжанова Лаура демеушілердің бағалы сыйлықтарымен марапатталды. Ауылымыздың осындай іс - шарасына қазылық еткен жас келіміз, әрі қызымыз Жангүлге "Пысық келін" номинациясымен ынталандыру сыйлығы беріліп, сый - құрмет көрсетілді. Қазылар алқасы мен кеше комитеттері ұйымдастырушыларға алғысын білдіріп, осындай сайыстардың жылдағы дәстүрге айналуын қамтамасыз етілуін тілге тиек етті. Қойнауынан құт кетпеген ауылымыздың ибалы да, инабатты келіндері жасай берсін! Сөзіміздің соңында барша атсалысқан ауыл тұрғындарына, мәдениет үйінің қызметкерлеріне, демеушілік білдірген азамат пен азаматшаларға, Ақсу жастар орталығына алғыс білдіреміз.

Жамила БАЛТАБАЙҚЫЗЫ, Жаңалық ауылдық округінің жастар ісі жөніндегі әдіскер - нұсқаушысы, «AMANAT» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенді мүшесі.

Бірлігіміз жарасқан - Мәңгілік елміз



Кең байтақ Қазақ жерінде бүгінде 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері өмір сүреді. Жыл сайын киелі қара шаңырақта тату-тәтті, береке мен бірлікте, бейбітшілік пен ынтымақтастықта өмір сүріп жатқандығын тойлайды. Еліміздегі этностарды бұрынғыдан да жақындастыру үшін бүкіл елімізде жаппай патриоттық шерулер өтеді. Бүгінде «Достық» атты бір шаңырақ астына шоғырланған әрбір ұлттық - мәдени орталықтар мерекеде ән айтып, би билеп, жалпыхалықтық мейрамда дәстүр мен салтқа толы түрлі көріністер көрсетіледі. Халықтың көңіл-күйін көтеру үшін түрлі спорттық жарыстар ұйымдастырылады. Бұл мере-

кеден Н.Есеболатов атындағы орта мектебінің оқушылары да қағыс қалмады. Ұлттық тәрбие бағыты бойынша атап өтетін мерекені биыл 2-11 сынып оқушыларының қатысумен үлкен мерекелік ретінде атап өтті.

Шараның мақсаты - оқушыларға Қазақстан Республикасы қазақ елі әлемде ең алғашқы мемлекеттердің бірі болып сырттан келген басқа ұлт өкілдеріне алтын бесік болғандығын ұғындыру, Қазақстандық патриотизмге, елін, жерін сүюге және халқын құрметтеуге тәрбиелеу. Басқа ұлт өкілдерінің мәдениетін, әдет - ғұрпын сыйлауға үйрету.

Гүлсара БОДАН, әлеуметтік педагог.

Достық күні!



Балаларға 1 – мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні мерекесі екенін жеткізу. Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу. Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейту. Мерекелік көңіл күйлерін көтеріп, өздеріне ұнайтын шар, жалаушаның суретін салдыру. Ойын арқылы әр ұлттың киімдерін ажырата білуге үйрету. Жас ұрпақты бірлікке, достыққа баули отырып, Отансүйгіштікке, патриоттық сезімге тәрбиелеу мақсатында Н.Есеболатов атындағы орта мектебінің шағын орталық бұлдіршіндері арасында 1 мамыр мерекесіне орай, «Достық, бірлік, ынтымақ» тақырыбында ертеңгілік өткізілді.

Жас бұлдіршіндер, әр ұлттың киімін киіп мәдениеттерімен танысып, «Халықтар достығы» деген ұғым қалыптастырды.

Ұ.ҚЫЗЫБАЕВА, Н.Есеболатов атындағы орта мектебінің шағын орталығының аға тәрбиешісі.

Тарихті терең танып біл!

Қазақ халқының ежелден көздегені азаттық еді, тәуелсіздік, ен даласында еркін өмір сүру болды. Сұлтан Бейбарыс та, тарихта өз ізін қалдырған, елі үшін, жерінің азаттығы, халқының тыныштығы үшін күрескен. Тарих қайраткерлерінің бірі екенін білеміз. Бүгінгі таңда осы ата - бабамыздың - 800 жылдығына орай ұйымдастырылған мектепшілік іс - шаралар жоспары бойынша жас

бұлдіршіндердің танымдық, қабілетін қалыптастыра отырып, «Тарихті терең танып біл!» - деген тақырыпта тәрбие сағаты өткізілді.

Жас ұрпақ тарихына терең үңіліп, танып біліп жүрсін, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Т.ҚАРСЫБАЕВА, Н.Есеболатов атындағы орта мектебінің шағын орталығының орта топ тәрбиешісі.

"Жыл Отбасы" байқауы



"Қызылағаш негізгі орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" КММ 1-9 - сынып ата - аналары арасында "Жыл отбасы" іс - шарасы жоғарғы деңгейде өтілді. Үштік одақ: "Ата-ана, оқушы, мұғалім". Үшеуінің мақсаты бір болса, алынбайтын қамал жоқ. 1 - 9 - сынып оқушылары мен ата-аналары, ұстаздардың бірлескен отбасылық сайысы өткізілді.

Сайыстың мақсаты - отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық қатынастарын нығайту, ата - анасын сыйлай білетін азамат пен азаматшаларды тәрбиелеу, отбасы құндылықтарын артты-

ру. Отбасы – барлығымыздың жүрегімізге ең жақын сөз. Ол – махаббат пен тыныштықтың, мейірім пен жарасымның, қуаныш пен мерекенің мекені. Алғаш дүние есігін ашқанымызда қым-қиғаш өмірдің салқынын сездірмей, аялы алақан мен мейірімді жүректің шуағына бөлейтін де осы жер. Осында қабырғамыз қатайып, буынымыз бекиді. Ата-анамыздың қамқорлығы мен тәрбиесінің арқасында өмірдің қатал заңына қарсы тұрудың да қыр-сырын меңгереміз. Әйтеуір, отбасының тыныштығы мен жарасымы алдағы өміріміздің көрсеткіші іспеттес. Отбасы балғын балалық

шағымызда еркелігімізді көтеріп, барша қауіп пен қатерден қорғайтын, оның үстіне бар жағдайымызды жасайтын асыраушымыз болса, ержеткенде қуанғанда бөлісіп, қиналғанда дем беретін, адал ақылшымыз әрі жақын досымызға айналады. Ал қартайғанда еткен еңбегіміз бен төккен теріміздің қайтарымы ретінде қамқоршымыз болмақ. Демек, адамның жер басып өмір сүруі, қоғаммен араласуы, еңбек етуі, нығметке бөленуі тікелей отбасымен байланысты. Өйткені біздің қандай адам болмағымыз, яки қандай жағымды не жағымсыз мінездерге ие болуымыз немесе өмірдің қатал сынында сыр бермей, сыбағамызды ала алуымыздың да түпкі мәні отбасыға келіп тіреледі. Осылайша "Барлығымыздың көкейімізде қат - қабат мән арқалаған осы бірауыз сөздің астарында не жатыр? Онымен біздің байланысымыз қандай? Отбасының негізгі ерекшелігі қайсы?" - деген сансыз сұрақ туындайды. Себебі, ол - біздің өткеніміз, бүгінгіміз әрі болашағымыз. Сондықтан отбасының мәнін түсініп, тереңіне бойлау баршамыздың азаматтық парызымыз болмақ.

Салтанат САПИРОВА, Қызылағаш негізгі орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

"АҚСУ Өңірі" Меншік иесі - ЖШС "Ақсу өңірі" газеті" Құрылтайшы, директор - бас редакторы ҚАСЫМБЕКОВА ЛӘЗЗАТ ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488 Осы шығарылымның таралымы 1942

Директор - бас редактор - 2-12-90, жауапты хатшы - 2-12-90.

Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz

Индекс: 65750 Офсеттік басылым көлемі 26 т.